

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР
«БАЛАПАН» КІШІ ТОБЫ

Өзіне жұп тап

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.

Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Данғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп аянда жүгіреді. Келесі белгімен – данғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіне жұп тап» - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталаынады.

Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойнаушылар белгі бойынша өздеріне жұп тандайды.



Ұшқыштар.

Мақсаты: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соңынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген аялдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалындар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады еңкейеді, моторды айландырады қолдарымен кеуденің тұсында айландырады, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталаынады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.



Сұр қоян жуынады.



Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады.

Балалар: Қоян, қоян тұршы,

Беті, қолды жушы

Айнаға қарашы

Шашыңды тарашы

Енді бізді қушы.

Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі.

Ойын 4-5 рет қайталанады.

Қояндар мен қасқыр

Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, тағулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

Ойынның шарты: Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:

- Секендендер қояндар,

Жүгіріндер жортындар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.

Ойын 2-3 рет ойналады



Дөңгелекті лақтыру

Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеі білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.



Түрлі-түсті көліктер

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.

Ойынның шарты: Балалар белменің қабырғасының жанында тұрады. Олар - гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді. Тәрбиеші белменің ортасында тұрып, ойнаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады.

Ұсыныс: тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін. Байқаусызда ол жалауды көтереді- белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет.



